

«Бекітемін»
Мектеп директоры

Ж.Еспенбетов



«№28 Абдылай кәп атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ



«Жылы жүрек, жомарт қол»
мектепшілік қайырымдылық акциясы.

2022-2023 оқу жылы

«Жылы жүрек жомарт қол» қайырымдылық акциясы

Максаты: Жас жеткіншектерді ұлттық рухта тәрбиелей отырып, адамгершілік, инабаттылық сезімін ояту.

Жүргізуші

Қайырлы күн жаны жайсаң, жүрегі жомарт ұстаздар!

«Жылы жүрек жомарт қол» қайырымдылық акциясына қош келіпсіздер!

Жүргізуші

Жақсылық кылсаң балаға,

Бір қайырымын аларсың.

Адамгершілік танытып,

Дұрыс жолға саларсың.

Қолында бар да көмек ет,

Тарыққан жанға ағайын.

Қол үшін бер, демеу ет,

Алладан болсын сауабы.

Сөз мектебіміздің директоры Еспенбетов Жақсылық ағайға беріледі.

Жүргізуші:

Ән мен күйді төгілтіп,

Інжу – маржан шашайық.

Қонақтарды таңданып,

Өнерден күмбез жасайық.

Би: _____

Жүргізуші

Көп түкірсе көл деген,

Дана қазақ халқымыз.

Ұйымдасып, бірлесе,

Көмек етсек өзгеге – деп осы **«Жылы жүрек жомарт қол»** қайырымдылық акция аясында істеген игі істеріңіз, жылы ілтипаттарыңыз, балалардың жүрегіне жылу ұялатсын десеңіз, осы күндері олардың бір арманы орындалып, бақытты балалықтың қуанышына бөленсін десеңіз мектептегі әлеуметтік тұрмысы төмен отбасы оқушыларына көмек көрсетулеріңізді сұраймыз!

Сөз: _____

Жүргізуші

Адамға еткен жақсылық,

Арнап берген нармен тең, - демекші қайырымдылық көрсеткен Сіздерге

Аллаһ Тағаланың нұры жаусын!

Келесі көріскенше сау болыңыздар!

Ән: «Жақсы адамдар»

«№28 Абылай хан атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»



Көмек алған оқушылар

«№28 Абылай хан атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»

«Жылы жүрек жомарт қол!» қайырымдылық акциясы

